



БАСТЫ ТАҚЫРЫП:

ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАТАРЫ КЕМІГЕН

12+
3 бетте

2025 жыл / 10 қаңтар / жұма / №2 (19699)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

Qostanai tañy

kostanaytany.kz

e-mail: kostanaytany@mail.ru

Б.ЖҮНИС



Рудный индустриялық университетінде «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ қолдауымен ERG құзыреттілік орталығы ашылды. Жаңа орталық ыстық брикетті темір өндіретін кәсіпорын үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға және инновациялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Сералы МЫРЗАБАЙ

Орталықтың ашылу салтанатына депутат, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, Рудный индустриялық университетінің түлегі Альберт Рау, «ССКӨБ» АҚ Бас директоры Сергей Кузьменко және Рудный қаласының әкімінің орынбасары Сәкен Қоқышев пен оқытушы-профессорлар қатысты.

«ERG компаниясы – өңірдегі іргелі кәсіпорынның бірі. Кәсіпорын әрқашан әлеуметтік салаға қолдау білдіріп келеді. Білім беру ұйымдарымен тығыз

қарым-қатынас орнатқан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Қазіргі заманғы экономикада жоғары технологиялық салалармен қатар, жұмысшы мамандықтардың рөлі өте зор. Тау-кен металлургиясы сияқты салаларда білікті жұмысшылардың жетіспеушілігі өндірістің тиімділігіне және бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер ететіні сөзсіз. Орталықтың ашылуы осы мәселені шешуге бағытталған. Бұл орталық жас мамандарды дайындау арқылы елдің экономикалық өсуіне үлкен үлес қо-

сады. Мемлекет өңдеу өнеркәсібін дамытуға, оның ішінде жұмысшы мамандықтарын дамытуға үлкен мән береді», – деді Альберт Рау.

Орталық заманауи жабдықтармен және технологиялармен қамтылған. Ол студенттерге теориялық білім беріп қана қоймай, практикалық дағдыларды меңгеруге, инновациялық технологиялармен жұмыс істеуге, сондай-ақ жетекші кәсіпорындарда тәжірибеден өтуге жол ашады. Басты демеуші – «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамы.

5-бет

ТАРИФ
ҚЫМБАТТАДЫ



3 бетте

ЖҰМБАҚ
ЖӘДІГЕРДІҢ
ҚҰПИЯСЫ



7 бетте

ЖЫЛ ЖЕМІСТІ,
ЕҢБЕК ЕСЕЛІ



8 бетте

СӨЙЛЕ, ЦИФР!

АУЫЛДАРДЫ
ДАМЫТУҒА
63 МЛРД
ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

2 бетте



Дер уақытында аяқталмаған ЖОБАЛАР БАР

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, ауылдық елді мекендерді дамыту, сондай-ақ өмір сүру сапасын жақсарту және ауылдық жерлерде жайлы өмір сүру ортасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Онда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде сумен, электрмен, газбен жабдықтау жөніндегі жобаларды іске асыру арқылы ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту бастамалары қамтылған.

Қостанай облысында ауылда 318 мыңнан астам адам тұрады екен. Аталмыш бағдарлама іске асырылған сәттен бастап қаржыландыру көлемі 6 есеге артқан. Егер 2019 жылы 2,2 млрд теңге бөлінсе, ал 2024 жылы халық саны 110 мыңнан астам адамнан тұратын 73 ауылда 78 жобаны іске асыру үшін 12,1 млрд теңге бөлінген. Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен жиында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Ілиясхан Әмірбеков тарқатып берді.

Бөлінген қаражаттың 42% немесе 5,2 млрд теңге 21 спорт, мәдениет және ТКШ нысандарын салуға және қайта жаңғыртуға бағытталған. Қазіргі уақытта 12 нысан пайдалануға берілді. Биыл қалған 8-і толық аяқталмақшы.

Мысалы, Әулікөл ауданының Новонезжин ауылындағы спорттық кешеннің құрылысы қазіргі кезде тек 85% орындалды. Құрылыс кешігуде. Жыл соңына дейін Ұлттық қордан бөлінген 65,5 млн теңге игерілмеді. Аманкелді ауданына қарасты Амантоғай ауылында

жабық спорт залының құрылысы да уақытылы аяқталмады. Жұмыс өткен жылдың 22 шілдесінде басталса да тек жартысы ғана орындалған. Құрылыстың баяу жүргізілуі салдарынан ішкі әрлеу жұмыстары 2025 жылға қалып отыр. Республика бюджетінен игерілмеген қаражат көлемі 97,3 млн теңге.

Жалпы құрылыс жұмыстары уақытында аяқталмаған бірнеше аудан бар. Айтап айтсақ, Ұзынкөл, Науырзым, Сарыкөл, Б.Майлин, Федоров және Қостанай аудандарында түрлі себептермен басталған іс аяқсыз қалды. Оның бәрі де биылға ысырылған.

«Былтыр жылдық жоспардың 94% игерілді. Республика бюджеті бойынша – 326,7 млн теңге, облыс бюджеті бойынша – 300,8 млн теңге қалып қойды. Бюджет қаражатын игеру деңгейінің төмендеуіне назар аударғым келеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесі жылға біраз жұмыс қалып отыр. Аманкелді, Әулікөл, Б.Майлин, Қостанай, Науырзым, Сарыкөл, Ұзынкөл және Федоров

аудандарының әкімдеріне құрылыс жұмыстарының барысын жеке бақылауға алып, нысандарды пайдалануға беруді қамтамасыз ету қажет екенін ескерткім келеді», – дейді басқарма басшысы.

Әлеуметтік салада да осындай олқылықтар бар. Жоспарланған 11 жобаның тек 9-ы ғана аяқталған. Қамысты, Федоров, Қостанай, Сарыкөл аудандарының 5 мектебі, Қарабалық, Мендіқара аудандарының 3 ФАП-ы, сондай-ақ Жітіқара ауданының мәдениет үйі, Ашутасты ауылындағы мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары осы жылға көшірілді.

2025 жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыру аясында 70 жоба бойынша құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Ауылдық елді мекендердегі жолдарды орташа жөндеуге 4,1 млрд теңге қарастырылған. 38 ауылда ішкі көше жолдарын жөндеу бойынша 44 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, жалпы ұзындығы – шамамен 76 шақырым.

«Аталмыш жобаның жүзеге асып келе жатқанына алты жылдың көлемі болды. Осы уақыт ішінде бағдарламаны қаржыландыру көлемі де шамамен 6 есеге өсті. Былтыр 12 млрд қаржы бөлініп, 73 ауыл қамтылған. Аудан әкімдері облыстық басқармалармен бірігіп, бастаған істің уақытылы аяқталуын қадағалауы қажет. Ал биыл ауылдарды дамытуға 63 млрд теңге бөлінді. Қаражат көлемі жыл бойына әлі де ұлғаяды», – деді аймақ басшысы Құмар Ақсақалов.

Әлеуметтік төлемдер артты

Әлеуметтік кодекстің 11-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы жыл сайын шешім қабылдайды. Осыған орай, ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 19 қарашадағы № 970 қаулысына сәйкес, 2025 жылдың

1 қаңтарынан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан Қостанай облысындағы еңбекке қабілеттілігінен айырылған 3499 мың адамға және асыраушысынан айырылған 3023 мың отбасыға тағайындалған ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшері 6,5%-ға арттырылатын болады.

Аталған әлеуметтік төлемдер осындай базалық мемлекеттік әлеу-

меттік жәрдемақыларға қосымша тағайындалатынын атап өткен жөн.

Әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу 2025 жылғы 1 қаңтардағы алушылардың қосымша құжаттарды ұсынуын қажет етпейді және автоматтандырылған режимде жүргізіледі.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ

Мәдениет

ОБЛЫСТА 220 ҮЙІРМЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді мемлекеттік шығармашылық үйірмелермен қамту жобасы іске асырылуда. Өткен жылы бұл мақсаттарға 1 млрд 258 млн теңге бөлінген. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық.

Ал біздің өңірде 33 қызмет түрі бойынша 220 үйірме жұмыс

істейді, оларға бүгінде облысымыздың 7710 жасөспірім қатысады.

Осы жылы бұл салаға облыстық бюджеттен 1 млрд 350 млн теңге бөлінген. Шығармашылық тапсырыстың тиімді түрде іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында мәдениет басқармасы облыстық мәслихатпен және қоғамдық кеңеспен бірлесіп, аса ірі үйірмелердің жұмысына мониторинг жүргізуді қолға алған.

КӨШЕ АТАУЛАРЫ ЗАҢҒА САЙ ӨЗГЕРҮІ КЕРЕК

Облысымызда ономастикалық жұмыстар қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізілуде. 2024 жылы ел аумағында ономастика саласындағы жұмыстар заңнамаларды сәйкестендіру бағытында уақытша тоқтатылуына байланысты облыстық ономастикалық комиссиясының отырысы өткізілмеген. Бұл туралы облыстық мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов әкімдікте өткен жиында айтты.

«Қазіргі уақытта 2024-2028 жылдар аралығында өңірімізде елді мекендер, құрамдас бөліктер мен

объектілер атауларын өзгерту тізімі Мәдениет және ақпарат министрлігінің келісімін алу сатысында. Бұл ретте, көше атауларын жазу және орналастыруға да өңірлер тарапынан мұқият назар аударған жөн. Себебі, кейбір аудандар мен қалаларда бекітілген ұсыным талабына сәйкес келмеушілік бар. Осыған орай, алдағы уақытта өзгертілетін көшелердің, сондай-ақ осы жылы мерейтойы аталып өтілетін бірқатар тұлғаның есімі берілген көше атауларын ұсыным талабына сәйкес ресімдеуді қажет деп санаймыз», – деді ол.

БЮДЖЕТТЕН КІТАП ШЫҒАРУҒА ҚАРАЖАТ БӨЛІНЕДІ

Өңірде 292,5 мыңнан астам оқырманға қызмет көрсететін 336 кітапхана бар. Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананы бір тәртіпке келтіру шеңберінде, республикалық базаға облыстан өлкетану сипатындағы 262 басылым енгізілді. 51,2 мыңнан астам құжат цифрландырылды, бұл оқырмандарға әлемнің түп-түпкірінен қазақстандық әдебиетке онлайн режимде қосылуға мүмкіндік береді.

Кітапхана қызметінің көп алуандығы шығармашылық одақтармен, бастамашыл топтармен белсенді түрде әлеуметтік әріптестікке ықпал етеді. Бүгінгі таңда облыс кітапханаларында 12 коворкинг-орталық пен 394 бірлестік жұмыс істейді.

«Толстой кітапхана-

сы базасында Қазақстан Жазушылар Одағының 90 жылдығы аясында Басқарма Одақтың облыстық филиалымен бірлесіп, жергілікті жазушылар мен ақындардың бастамаларын жүйелеу бойынша жұмысты бастап кетті. Өлкеміздің тұлғаларын дәріптеп, олардың еңбегін қайта басып шығару, жаңа әдеби туындылар жаздыру бойынша да жан-жақты жұмыстар қолға алынды. 2025 жылы алғашқы рет бес бағытта кітаптар шығатын болады. Бұл кітаптарды шығаруға облыстық бюджеттен 2025 жылға 25 млн теңге бөлінді», – деді облыстық мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов.

А.ӘБДІЛДӘ

ТАРИФ ҚЫМБАТТАДЫ



Жандос ЖҮСІПБЕК

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы департаментінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысы бойынша, «ҚЖЭК» МКК тұтынушылар үшін жаңа тариф бекітті. 1 қаңтардан бастап коммуналдық қызмет көрсету құны өсті. Бұл туралы кәсіпорын басшысы Азамат Аужанов мәлімет берді.

Жаңа жылдан бастап коммуналдық қызметтер тарифі қосымша құн

салығынсыз (ҚҚС) 5,6 пайызға өсіп отыр. Бұған дейінгі тариф құны заңды тұлғаларға 1 ГКал үшін 8659,9 теңге болса, бұдан былай 9143,58 теңгеге ұлғаяды. Сондай-ақ тұрғындар да әдеттегідей 4845,60 теңге емес, 1 қаңтардан бастап 5116,97 теңге төлейді. Бұдан бөлек, төлем есептегіш құрылғысы жоқ тұтынушылар ҚҚС-ны қоса алғанда 1 шаршы метр үшін 208-ден 220,7 теңгеге дейін төлейді.

«Тарифті қайта қараудағы басты себептер – негізгі баптар шығынының ұлғаюы. Мәселен, 1-бап бойынша шығын көлемі 586 млн теңге болса, ол соңғы уақытта 182 млн теңгеге көбейді. Тауарлы газ шығыны 397 млн теңгеге, сумен қамту қызметінің шығыны 42 млн теңгеге немесе он пайызға арта түсті. Айта кету керек,



өсім көрсеткіші тұрғындар үшін де, басқа тұтынушылар тобы үшін де бірдей деңгейде», – дейді «ҚЖЭК» МКК директоры Азамат Аужанов.

Сонымен қатар ол кәсіпорынның бюджеттік ахуалы, шығын көлемін азайту бағытындағы жұмыстар және осы жылға құрылып отырған жұмыстар туралы да мәлімет берді.

«2023 жылы шығын көлемі 1,5 млрд теңге көлемінде болса, былтыр ол 433 млн теңгеге кемітілді. Жөндеу жұмыстарын жүргізу қоры салмақ қоса түсті. Мәселен, жылу желілерін ағымдық жөндеуден өткізуге 67 млн теңге жұмсалды. Бюджетке салық есебінен түсетін қаржы да 143 млн теңгеге артты», – дейді директор.

Ендігі бір міндет – тұтынушылардың кәсіпорын алдындағы дебиторлық қарызын кеміту. 1 қаңтардағы жағдай бойынша берешек сомасы 986 млн теңге болып отыр. Борышкерлердің 60 пайызы – тұрғындар. Биыл дебиторлық қарызды азайтуға күш салынбақ. Бұдан басқа да жоспарлар баршылық.

«Кәсіпорынның қаржылық қызметін жақсарту, дебиторлық қарызды кемітуге күш салу нысанада ұсталды. Осы жылға еншіленіп отырған 12 жобамыз бар. Олардың жалпы құны 11 млрд теңгеден асады. Қазір қаржыландыру мәселесінің шешімін күтіп отырмыз. Егер толық мақұлдаудан өтіп жатса, мемлекеттік сатып алым шараларына кірісеміз», – деп отыр Азамат Аужанов.

Оның айтуынша, өткен жылы қолға алынған барлық жоба толығымен аяқталған. Оған былтыр бюджеттік қаржыландырудың екі есеге ұлғайтылғаны зор ықпалын тигізді.

Суреттерді түсірген –
Бағдат АХМЕТБЕКОВ

Сералы МЫРЗАБАЙ

Өткен жылы 13 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Оның тең жартысына жуығы тұрақты және уақытша жұмысқа орналасқан. Бұл туралы қалалық әкімдікте өткен аппараттық кеңесте «Мансап орталығы» филиалының басшысы Эльмира Есмағамбетова баяндап берді.

Филиал басшысы халықты орталық арқылы жұмыспен қамту үшін жұмыс орындарын құру, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру және мемлекеттік қолдаудың белсенді шараларын көрсету жөніндегі кешенді шаралар жалғасатынын айтады.

«Қысқа мерзімді курстарда оқу үшін жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша оқу орталықтарына 130 адам жіберіліп, олардың 127-і жұмысқа орналасты. Олардың дені аспаз, электромонтажшы, шаштараз, тігінші, кондитер және басқа кәсіп бойынша жұмысқа тұрды. 1470 адам skillsenbek платформасында электрондық еңбек биржасы арқылы онлайн оқыту форматында сұранысқа ие дағдылар бойынша білім алды. Яғни, жаңадан бастаушылар мен практиктерге арналған курстардан өтті», – дейді Эльмира Есмағамбетова.

Бұл платформаны еліміздің кез келген азаматы пайдалана алады. Сондай-ақ осы курстарды жұмыс берушілер өз мамандарын онлайн-оқыту үшін де пайдаланады. Мұнда нарықтың әртүрлі саласын қамтитын 480-ге жуық курс ұсынылған.



Жұмыссыздар қатары кеміген

«Кәсіпкерлік бастамаларды дамытуды қолдау шеңберінде, жыл басынан бері платформада 354 адам тіркелді. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту үшін 212 адам

сертификат алды. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 70 млн теңгеден астам сомаға 400 АЕК мөлшерінде 48 грант көзделген. Мемлекет жұмыссыз

азаматтарға, жастарға, зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдарға субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасу түрінде қолдау көрсетеді. Әлеуметтік жұмыс орны бағдарламасы бойынша 69 адам жіберілсе, жастар практикасы бойынша 106 адам қамтылды. 199 адам қоеғамдық жұмысқа орналастырылып, алғашқы жұмыс орны бойынша 70 адам жұмысқа тұрды. Ал үш адам ұрпақтар келісімшарты бойынша еңбек етіп жатыр. Күміс жас жобасы бойынша 154 адам қамтылды», – дейді орталық басшысы.

Мемлекет басшысының әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде өткен жылы 3293 кәсіпкерлік субъектісі 5008 жұмыс орнын құрған.

«Іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобаларға 948 уақытша және тұрақты жұмыс орнын құру жоспарында 983 жұмыс орны ашылды, жоспардан көп. Оның ішінде қалалық объектілер бойынша 271 адам және облыстық басқарма объектілері бойынша 712 адам жұмысқа орналастырылды. Электрондық еңбек биржасында жұмысқа орналасу фактісін растау критерийлерінің өзгеруіне байланысты жұмыс беруші тікелей берген Бос орындар ескеріледі Епбек.kz және ізденушіні жұмысқа қабылдаған күні ЭҚТ (электрондық-еңбек шарты) жасағандар. Бірақ, өкінішке қарай, барлық жұмыс берушілер Әлеуметтік және еңбек кодекстерінің міндетті талаптарын орындай бермейді. Бұл халықты нақты жұмыспен қамтудың дұрыс емес деректеріне әкеледі», – дейді орталық басшысы Эльмира Есмағамбетова.

Мансап орталығының басшысы осы жылы да халықты жұмыспен қамту шараларымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасатынын жеткізді.

140 жылдыққа 140 іс-шара

Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойын мерекелеуге орайластырылған ауқымды іс-шаралар өткізу жоспарлануда. Оған қатысты өңірлік іс-шаралар жоспары әзірленіп, 140 жылдыққа орай 140 іс-шара енгізілді. Мерейтой барысында облыс көлемінде әртүрлі форматта мәдени жиындар өткізілетін болады. Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен жиналыста

Мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов айтып берді.

«Негізгі той қарсаңында республикалық деңгейде форум, ақындар айтысы, жыр-терме орындаушылар байқауы, гала концерт, ақындар мүшәйрасы, ашық аспан астындағы театрландырылған қойылым қою жоспарда бар. Қазірдің өзінде инфрақұрылымдық нысандарды дайындау жұмыстары басталды», – деді басқарма басшысы.

Биыл Бидайық ауылындағы

Міржақып Дулатұлы мұражайына жөндеу жүргізу үшін 21,7 млн теңге және реэкспозиция жасау үшін 25 млн теңге қаржы бөлінген. Бұдан басқа Торғай ауылындағы Шақшақ Жәнібек музейіне де жөндеу жұмыстарына 45 млн теңге бөлінген.

Сондай-ақ Бидайық ауылындағы Міржақып Дулатұлы, Ақкөл ауылындағы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйлеріне, Торғайдағы Жанкелдин мұражайлар кешеніне қосымша штат бөлін-



ген. Бұл көптен айтылып жүрген мәселе еді.

«Биыл біз еліміз үшін маңызды оқиға Міржақып Дулатұлының 140 жылдығын

жоғары деңгейде атап өтуіміз керек. Оған жоспарланған барлық бастама уақытылы аяқталуы қажет», – деді облыс әкімі Құмар Ақсақалов.

Мұрат ЖҮНИСҰЛЫ

Арқалық қаласы жастарының «Алтын кітабына» жиырмаға жуық көшбасшы жастың есімдері енді. Түрлі салада айтарлықтай жетістікке жетіп, ел өмірінде белсенділік танытқан жастарды қала әкімі Әмірхан Асанов құттықтап, салтанатты түрде марапаттады.

Мәртебелі марапат иерлерінің арасында «Жас көшбасшысы» номинациясы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенті, «Түркі халықтарының үздік студенті» халықаралық байқауының жеңімпазы, «Жас Орда» студенттік өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшысы Жазира Әлібекқызы, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенті, «Үздік ерікті» қалалық байқауының жеңімпазы, «Табыс жолы: Білім. Ғылым. Кәсіп» атты халықаралық студенттік ғылыми тәжірибелік конференцияның лауреаты Гаухар Бауыржанқызы, «Спорт» номинациясы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенті, қазақ күресінен ел чемпионатының жеңімпазы А р х а т

Алмасұлы бар. Сондай-ақ «Жас ғалым» номинациясында Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің библиографы Сымбат Көшкінбай, «Медицина» номинациясында «Арман Меруерт» ЖШС-і оңалту орталығының директоры Меруерт Кемелханқызы, «Журналистика» номинациясында Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап - ғылыми кітапханасының кітапханашысы Гүлназ Жақияның есімдері аталды. «Кәсіпкерлік» номинациясы бойынша «Жарасқанова» ЖК жетекшісі Ақмарал Сұлтанбекқызы, «Мемлекеттік қызметтегі белсенділігі үшін» аталымда Арқалық қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы Жасын Қанатұлы, «Ерекше қоғамдық белсенділігі үшін» номинациясы бойынша «Арқалық көпсалалы колледжі» АКК «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» пәндерінің мұғалімі Сағадат

«Алтын жастар» марапатталды



Шәріпұлы зор құрметке ие болды.

Мерейлі шақта азаматтық ұстанымымен еріктілер қызметінің дамуына қосқан белсенділігі үшін де ерікті жастар көптеп марапатталды.

Тамаша ҚОЗБАҚОВА,
Арқалық өңірлік емханының дәрігері:

– Медицина саласында он

жылға жуық еңбек етемін. Еңбегімді бағалап, осындай үлкен жетістікке жеткізіп жатқан халыққа, қала әкіміне алғысымды білдіремін. Биылғы жаңа жыл бәрімізге мол табыс, бақыт әкелсін. Осындай қуаныш әр отбасында бола берсін.

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,

Арқалық қаласы Полиция басқармасының учаскелік инспекторы, полиция майоры:

– Ішкі істер органында 15 жылға жуық еңбек өтілім бар. Еңбегімді бағалап жатқанына қуаныштымын. Еңбек қашанда бағаланады. Жетістіктерім мен ерліктерім кейінгі жастарға үлгі болсын деймін. Жастарымыз әрқашан халыққа қалтқысыз қызмет етіп, көмек көрсетуге дайын болуы керек.

Нұрислам РАҒАТОВ,
айтыскер ақын:

– Есімімнің «Алтын кітапқа» еніп жатқанына алғысым шексіз. 2024 жылы Павлодарда өткен оқушылар айтысында екінші орын иегері, «Қола домбыра» айтысының үшінші орын иегері және Петропавлда өткен айтыстың бас жүлдегерімін. «Тобыл-Торғай» өңірінің таланттары көп болсын. Жетістіктеріміз таусылмасын!

Суреттерді түсірген – автор
Арқалық қаласы.



ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ ашылды

1-бет

«Біз жаңа буын мамандарын даярлауға, инновациялық технологияларды енгізуге және өңір экономикасының өсуіне инвестиция салудамыз. ERG құзыреттілік орталығы – тек білім беру мекемесі емес, ғылым мен өндірістің өзара байланысын нығайтатын, жаңа технологияларды тестілеуге және енгізуге арналған платформа. Бұл жерде теориялық білім практикамен тығыз байланыстырылады. Студенттер мен жас мамандар орталыққа келіп заманауи жабдықтармен жұмыс істей алады. Біліктіліктерін үнемі жетілдіріп, меңгеруге мүмкіндік бар. Маман даярлау оңай іс емес екені анық. Сол себепті, бұл жағдайға байыпты қарау керек. Біз оларға тәжірибеден өтуге, өз жобаларын іске асыруға және өздерін табысты маман ретінде көрсетуге барлық жағдайды жасаймыз. Сондай-ақ оқу орнымен алдағы жоспарлы жобаларымызды біртіндеп жүзеге асыратын боламыз», – деді «ССКӨБ» АҚ Бас директоры Сергей Кузьменко.

ERG құзыреттілік орталығының ашылуы өңірдің тұрақты кадрлық және технологиялық дамуын қамтамасыз етумен қатар, студенттер мен жас мамандарды қолдауды көздейді. Сондай-ақ ғылым мен өндірістің өзара іс-қимылын нығайту болып отыр. Рудный қаласы әкімінің орынбасары Сәкен Қоқышев орталықты ашу ісі өткен жылы қолға алынғанын атап өтті.

«Бұл орталықты ашу туралы кәсіпорын және университет басшылығымен бірлесіп талқылаған едік. Бүгін ауқымды жобамыз іске асып жатыр. Оның үстіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағанын білесіздер. Жергілікті билік тарабынан жарқын жобаларға қолдау білдіруге әзірміз. Рудный – тау-кен металлургия өнеркәсібінің орталығы. Осы саланың дамуы қаламыздың гүлденуімен тікелей байланысты. Сол себепті білікті мамандарды даярлау да басым бағыт болып қала береді. Мен «ССКӨБ» АҚ-на, Рудный индустриялық университетіне және орталықтың құрылуына атсалысқан барлық адамдарға ризашылығымды білдіргім келеді. Орталықтың жұмысына сәттілік тілеймін және жас мамандардың өңір экономикасын дамытуға елеулі үлес қосатынына сенімдімін», – деді Рудный қаласы әкімінің орынбасары Сәкен Қоқышев.

Рудный индустриялық университетінің Басқарма төрағасы - Ректоры Нұрбек Сапарходжаев кәсіпорынға алғысын айтты.

«Рудный индустриялық университетінің басты міндеті – нарықтың сұранысына сай келетін, бәсекеге қабілетті

мамандарды даярлау. Заманауи технологиялармен жабдықталған ERG орталығы осы мақсатқа жетуге елеулі үлес қосып отыр. Біз «ССКӨБ» АҚ-мен тығыз ынтымақтастық орнатқанбыз. Олардың қаржылай және техникалық қолдауы арқасында студенттеріміз заманауи жабдықтармен жұмыс істеуді үйренеді, өндірістік тәжірибеден өтеді, алдыңғы қатарлы технологиялармен танысады. Бұл білім беру сапасын арттыруға, жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге септеседі. Орталықта студенттермен қатар, кәсіпорынға қажетті мамандар білім алып, курстан өтіп, сертификатқа қол жеткізе алады», – деді Нұрбек Сапарходжаев.

Сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Альберт Рау Рудный индустриялық университетінің студенттерімен кездесті. Ол кездесу аясында «Қазақстан Республикасында өңдеу өнеркәсібін дамыту» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс барысында өңдеу өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарына, саланың даму перспективаларына, Қазақстан алдында тұрған заманауи сын-қатерлер мен мүмкіндіктеріне тоқталды.

«Біздің алдымызда импорт үлесі азайып, экспорт өсіп, бірақ шикізат емес, дайын өнім экспорты өсуі үшін бар күш-жігерімізді салу міндеті тұр. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Бүгінде барлық қажетті заңдар қабылданды, мемлекет өңдеу өнеркәсібін дамытуды субсидиялайды, оған қажетті институттар құрылып, жұмыс істеуде», – деді дәріс барысында Альберт Рау.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Вице-спикері РИУ студенттеріне ақыл-кеңесін де айтты.



«Бір кездері маған осы оқу орнында тек техниктер ғана емес, болашақ басшылар, қоғам белсендісі болуымыз керек деп үйретті. Сіздер қатардағы адам болып қалмауларыңыз керек. Керісінше, барлық маңызды процестерді түсініп, оған өз деңгейлеріңізде ықпал ете білген жөн. Өзімізге сеніп, жастық шақ беретін барлық мүмкіндіктерді жіберіп алмауға тырысу және ұмтылу керек. Өндіріске оқу орны берген дипломмен ғана емес, көп нәрсені біліп барғаныңыз абзал», – деді вице-спикер.

Дәріс соңында Альберт Рау Рудный индустриялық университетінің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатын, ғылыми-зерттеу

жұмыстарымен айналысатын, оқуда үздік және жақсы нәтижелер көрсеткен екі студентке атаулы гранттар табыстады. Айта кету керек, Альберт Рау жыл сайын ЖОО гранттар табыстайды. Құны жылдық оқу құны көлемінде беріледі. Егер студент қазірдің өзінде грантта оқитын болса, бұл қаржы қосымша стипендия ретінде төленеді.

Сонымен қатар РИУ ректоры Нұрбек Сапарходжаев Альберт Рауға «Құрметті профессор» атағын беріп, Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасын табыс етті.

**Суреттерді түсірген –
Балауса ЖҮНІС**
Рудный қаласы



ҚАБАНБАЙ – бар қазаққа ортақ бас батыр

Тарихи тұлғаларды қашанда өзі өмір сүрген кезеңнің елеулі оқиғалары таны- мал етеді. Еткен еңбегі, төккен теріне қа- рай олар шынайы бағасын алып, халық санасында орнығып, жүрегінде сақталып қалады. Қазақтың басына зор зобалаң әкелген Жоңғар шапқыншылығы жүзде- ген батырды тарих сахнасына шығарды. Солардың ішінде даңқы дүйім дүниеге жеткен Қаракерей Қабанбай батырды ерекше атауға болады.

Қабанбай батыр есімі көзі тірісінде ұранға айналды, «хан батыры» атан- ды. Ұлттың рухын оятып, тарихи жадын тірілтен тарлан жазушы І.Есенберлин- нің оны өз романдарында Жоңғар шап- қыншылығына қарсы алғашқылардың бірі болып қару алып, өмірінің соңына дейін аттан түспеген сардар деп сурет- теуі бекер емес.

Сөзіміз салмақты болуы үшін көп айтыла бермейтін мына деректерді на- зарларыңызға ұсынғымыз келеді. Ақын Байбота Қошым-Ноғай «Ерасыл қалай Қабанбай атанды?» атты мақаласында былай дейді:

«Қабанбай – қазақ хандығындағы Абылайдан кейінгі екінші ірі тұлға.

Ханнан кейінгі екінші ірі тұлға «бас уәзір» аталуға тиіс. «Уәзір» – араб сөзі. Бұл сөз біздің қазіргі түсінігіміз бойынша «министр» деген мағына береді. Демек, біз Қабанбай батыр Абылай хан басын біріктірген Алаш елінің – Қазақ мемле- кетінің ірі саяси және мемлекет қайрат- кері, Абылай ханның бас уәзірі болды деп

айта аламыз. Ал бұл лауазым түркі және моңғол халықтарында «қабан» («хаван») деп белгіленген. «Хаван» сөзінің моңғол тілінде төрт түрлі мағынасы бар, олардың бәрі дерлік қазақ ұғымынан алыс емес. Солардың бірі – тарихи лауазым – «бас уәзір» деген мағына береді. Шыңғыс ханның сенімді серіктерінің бірі Мұқылай да кезінде «го уаң» (гован) деген атқа ие болған. Бұл да ұлы қағаннан кейінгі тұлға еді.

Қазақ халқы бастан кешкен үш ғасыр- лық отарлық езгінің есеңгіретіп тастаға- ны соншалық, біз әлі күнге дейін Абылай тұсындағы азат Қазақ елінің мемлекеттік құрылымы, елді басқару жүйесі қандай болғанын да еске түсіре алмаймыз. Яғни, Абылайдың бас уәзірі – қабаны (хаваны, гоуаңы) кім еді дер болсақ, бұл сұраққа жауап берер жан табыла қоймайды» деп сауал қояды Байбота ақын. Біздіңше, бұл сұраққа жауапты атақты ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы беріп кеткен. Әулиенің өзі «Қазақта Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр болған емес» деп бағаласа, қалай келіспессің?

Бұл мақаламызда батырдың өмір жолына тоқталып жатпаймыз. Ол он- сыз да баршаға мәлім. Мен тек бар Хан Батыры Қабанбайдың Тобыл-Торғай өңіріне де қатысы барын тілге тиек ет- кім келеді. Өмірінде 103 рет жекпе-жек- ке шығып, бәрін жеңіспен аяқтаған жаужүрек, зор ерлігін Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Малайсар- ы батырлармен тізе қосып, Бұланты,



Білеуті шайқасында көрсетті.

«Бұланты мен Білеуті өзендері ара- лығындағы шешуші ұрыста қазақ қолы жоңғарларды Ұлытауға жеткізбей тоқтат- ты. Бұл ұрыс тарихқа «Бұланты-Білеуті шайқасы» деген атпен енді. Осы жеңі- стен кейін майдан кіндігі болған төбе Қалмаққырылған аталып кетті. Өзінің маңыздылығы жөнінен Бұланты шайқа- сы 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі жеңіспен барабар» дейді тарихқа таспаланған де- ректер.

Егер Қабанбай сынды қаһармандар тө- теп бермегенде, Ұлытаудан кейінгі кезек Торғай, Тобылға келер еді. Туған жеріміз жау тұяғында тапталып, халықтың қаны суша төгілері күмәнсіз-тұғын. Сол үшін де бірліктің үлгісін көрсеткен Бұланты шай- қасы батырларының есімін алтын әріппен жазып, қай-қайсысына ескерткіш қойса да артық емес.

Құдайға шүкір, 2017 жылы Шақшақ Жәнібек бабамыз Қостанайдың қақ төрі- нен орын тепті. Ендігі кезек қазақтың хас батыры, бас батыры Қабанбай баба-

мыздікі. Бұл – Тәуелсіздік жылдары Қос- танай облысының тұңғыш әкімі болған қайраткер тұлға, Қабанбай батырдың ұрпағы Кенжебек Үкіұлының да арма- ны, арманы ғана емес, аманаты болатын. Кенжебек ағаның аманатын орындауға інілері дайын. Бүгінгі ұлан байтақ шека- рамызды қанымен сызып кеткен қаһар- манға тоқымдай жер бере алмасақ, ел- дігімізге сын емес пе?!

«Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақ- шақұлы Жәнібек, Ормандай көп орта жүз, содан шыққан төрт тірек» деп ұр- пақ жадында бірге аталатын тұлғалар- ды біздің бөлгеніміз жарамас.

Қаһарман Қабанбайдың өмірі мен ерлігі Бұқар жырау, Ақтамберді, Дулат, Үмбетей, жерлесіміз Тәтіқара, тағы басқа да ақын-жыраулар шығармала- рына арқау болды. Жазушы Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» тарихи романын жарыққа шығарса, Зейнолла Сәнік «Қа- ракерей Қабанбай» деген еңбек қал- дырды және бір шығарма – Қабанбай бабамыздың Арқадағы шырақшысы, жазушы Камал Әбдірахмановтың «Хан батыр Қаракерей Қабанбайы». Ал композитор Тұрсынғазы Рахимовтың «Ба- тыр баба Қабанбай» әні республикаға белгілі.

Тарихта мәңгілік өшпес із қалдырған, ұлтының тұтастығы үшін қабырғадан қан кешкен Қабанбайдың ескерткіші енді теріскей шекараның алтын қақпасы Қостанай қаласының төрінде қасқайып тұрса, ол досқа ес, дұшпанға сес емес пе?!

Вокзалында паровозға орын беріл- ген Қостанайда Дарабозға жер жетпей- ді дегенге кім сенеді?

Дәуітхан ҚАЙШАНТАЕВ,
«Кетбұқа-Төлегетай халықара- лық қайырымдылық қоры» қоғамдық қорының Қостанай облыстық филиалының төрағасы



Адамға көңіл қымбат. Әсіресе, қария- лар үшін көңіл аса қажет. Осыны жақсы түсінетін қостанайлық кәсіпкер Талғат Омаров мереке сайын үлкен кісілердің басын қосып, құрмет көрсетіп тұрады.

Ерлі-зайыпты Талғат пен Айтгүл бұған дейін сауда-сат- тықпен айналысқан еді. Қазір кәсібінің аясы кеңейген.

Қостанайда ресторан ашқаны- на жеті жыл болды. Оған «Ал- тын ғасыр» деген атау берді. «Жұбайым Арқалықтан,

өзім Әуликөлденмін. Екеуіміз Қостанайда танысқанбыз. 2000 жылдан бері осы қа- лада тұрып жатырмыз. Оған дейін Арқалықта тұрдық. Биз- несімізді қолға алып, құдайға шүкір, ілгерілеп келеміз. Үлкен ұлымыз Қазақ-британ универ- ситетінің түлегі, мұнай-газ са- ласында істейді. Екі немереміз бар. Кіші баламыз да аталған

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

оқу орнында оқып жүр», – дейді Айтгүл Серікбайқызы өздері туралы аз-кем айтып беруін өтінгенімізде.

Кәсіпкер отбасы Жаңа жыл қарсаңында қарттарға дастарқан жайып, олардың батасын алды. Ізгі іске риза болған ардагерлер мейрамха- на иелеріне газет беті арқылы алғыс айту үшін редакциямыз- ға келіпті.

«Біз, «Элеваторный» ау- данының зейнеткерлері, сондай-ақ орыс, казак және славян әндерін орындайтын «Казачья воля» ансамблінің мүшелері «Алтын ғасыр» мей- рамханасында бірнеше іс-ша- ра өткіздік. Жаңа жыл мере- кесінде де ет асып, дастарқан жайды. Үлкен кісілерге ілти- пат көрсетіп, ізгі қасиетін та- нытқан Талғат пен Айтгүлге

алғысымыз шексіз», – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Валентина Грызлова.

Қайырымды істі бойында адамгершілігі бар әр жан істей алады. Ал қарияларды қуанту – ол да бір бақыт.

«Бала сияқты ақкөңіл кісілер болады. Біз құрмет көрсеткен қариялар – сон- дай ашық жандар. Оларға азғантай жақсылық жасасаң, оны бәріне зорайтып айтып жүреді. Айналамызда жақсы адамдар көп, оларды көре білу керек», – дейді кәсіпкер ханым.

Үлкендердің ықыласына бөленген іскер отбасының ісі басқаларға да үлгі болуға тиіс. Жақсылық ешқашан жер- де қалмайды.

Асыл ҚАСЫМ



АРЗАН ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ

шаққанда 70 мың теңгеден айналады. Ал үш бөлмелі пәтердің бағасы шамамен 11 млн теңгеден басталады. Мұның ай сайынғы төлемі – 86 мың теңге. «Отбасы банк» АҚ-ның пәтерлерді сату бағасы жергілікті атқарушы органдардың арасында кезекте тұрғандар үшін 1 м2-ді 180 000 теңгеден келеді. Оның жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2%-тен аспайды. Демек, баспаналы болғысы келетіндер алдын ала немесе аралық тұрғын үй қарыздарын өтеу жолымен кредиттік тұрғын үйді сатып алуына әбден болады. Сондай-ақ алдын ала немесе аралық тұрғын үй қарыздарын беру жолымен жылдық сыйақы мөлшерлемесі 5%-тен аспайтын кредиттік тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігі бар», – дейді Федоров ауданы әкімінің орынбасары Карина Мұратова.

Оның айтуынша, 27 желтоқсан мен 13 қаңтар аралығында сағат 10.00-ден түнгі 23.00-ге дейін пәтерлерді брондау ашық. Үй алуға қатысушылар брондау кезеңі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде анықталады. Яғни, қатысушыларды іріктеу есепке қою күніне қарай жүзеге асырылады. Егер үміткерлердің өтініші бір күнге сәйкес келген жағдайда үйге өтініш беру күні мен уақыты қаперге алынады.

Айта кету керек, ауылдық жерлерге мамандарды тартуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың арқасында тұрғын үй алаңының құны облыс орталығына қарағанда кемінде 200 мың теңгеге төмен. Сондықтан жергілікті атқарушы билік жайлы және қолжетімді, несиелік тұрғын үй сатып алғысы келетін білікті мамандарды Федоров ауданына шақырады.

Федоров ауданы.

Әлібек ЫБЫРАЙ

Халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету – мемлекеттің ұдайы назарында. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, ел тұрғындарының 4,3%-і тұрғын үйге мұқтаж. Бұл көрсеткіш тұрғын үй мәселесінің әлі де өзектілігін әрі оны шешу қажеттігін айқындайды.

Біздің облыс көлемінде де үй кезегінде тұрғандардың қарасы көп. Ұзақ жылдан бері қатары сиремей тұрған кезекті мейлінше азайту мақсатында өңірде жыл сайын мыңдаған шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Бұл үрдіс кейінгі кезде аудан-ауылдарда да көрініс таба бастады.

Мәселен, Федоров ауданында тұрғын үй құрылысы бәсеңдеп көрген емес. Өткен жылы ауданда пилоттық жоба қолға алынды. Ауылдық елді

мекендерде алғаш рет «Отбасы Банк» АҚ-мен бірлескен жоба шеңберінде 24 пәтерлі үйдің құрылысы аяқталды.

Красноармейская көшесінің бойында салынған үш қабатты жаңа үйде бір бөлмелі 6 пәтер, екі бөлмелі 12 пәтер және үш бөлмелі 6 пәтер бар.

«Алдын ала есептеулер бойынша, бір бөлмелі пәтердің орташа құны 7 млн теңге шамасында. Яғни, үйге мұқтаж жандар сыйақы мөлшерлемесінің процентіне және несиелеу мерзіміне байланысты ай сайын 55 мың теңге төлейді. Екі бөлмелі пәтер алғысы келетіндер 9 млн теңге төлейді. Оны әр айға

Жұмбақ ЖӘДІГЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ

Торғай музейлері кешенінде тұрған көне жәдігердің бірі – аласапыран заманның қиын-қыстау кезеңдерінде Алаш қайраткерлері өзара хабар-ошар алмасу үшін пайдаланған құпия белгі. Жұмбағы ашылмай қалған құпия белгінің көлемі тырнақтай ғана, бір жақ беті араб қарпімен әдіптеліп, жіңішке жібектен алқа жіп тағылған.

Құнды жәдігерді музейге 2021 жылы Гүлнар Дулатованың ұлы, қазіргі «Мектеп» баспасының басшысы Ерлан Сатыбалдиев әкеп тапсырыпты.

«Кезінде Қызбелдегі музейге анамыз өз қолымен әкеп өткізген. Содан бертінге дейін Қызбелде сақтаулы тұрды. Ол жерде не сигнализация жоқ, мектеп директорының сейфінде жатқан. Сосын мен 2021 жылы елге барғанымда Торғай музейлер кешенінің директоры Гүлбану Сәрсекейге: «Бұл дүние ұрланбай, жоғалмай тұрғанда, актімен сізге өткізіп берейін» дедім. Осылайша, Торғай музейіне табыс еттім», – дейді Ерлан аға.

Құпия белгінің нендей материалдан жасалғаны белгісіз. Бір шетіне жіңішке жібектен жіп байланғандықтан, бір қарағанда тұмарға ұқсайды. Бірақ тұмар дейін десең, оған адамның басы сыймайды. Музей директоры Гүлбану Сәрсекейдің айтуынша, хабар жеткізуші бақылауы күшті жерлерден осы жіпті тісіне байлап, құпия белгіні жұтқын-

шағына жасырып, жанын шүберекке түйіп өтеді екен.

Жәдігермен бірге бір парақ қағазды көзіміз шалып қалды. Кәдімгі жұқа дәптерден жыртылып алынған торкөз парақта: «Асқарұлы Хайдардың жасырын белгісі. Асқар Дулатов – Міржақып Дулатовтың ағасы» деп жазылған.

Мұның мән-жайын Ерлан Сатыбалдиевтен сұрап көріп едік, ол кісі: «Бір жақ бетіне арабша «Қайрат» деген сөз жазылған. Тағы бір сөз бар, бірақ ол оқылмайды. Бір әрпі өшіп қалған болу керек. Жалпы, мен төте жазуды танып, оқи аламын. Бірақ белгідегі екінші сөзді ажыратып оқу маған қиынға соқты. Бұл құпия бір хабарды жеткізу керек болғанда пайдаланылған. Ол кезде жеткізетін адамға құпия хабар ауызша айтылады. Ал ол кісі, мәселен, Міржақып атамыздан келгенін дәлелдеу үшін хабар алушыға осы құпия белгіні көрсеткен», – деді.

– Мұны «Алаш паролі» деуге келе ме?



– Бұл өзі зерттелмеген нәрсе және оның құпиясын ашу қиынға соғады. Сондықтан сіз айтқандай ұрандатып керегі жоқ. Бірақ бұл – аса құнды көне жәдігер. Музей де нақтылықты қажет ететін ғылымға жақын сала ғой. Мұнда бірізділік керек. Қазір мен сізге бір нәрсе айтсам, келесі адам оны басқаша топшылауы, тіпті жоққа шығаруы мүмкін. Осылайша, қолдан аңыз туғызамыз. Тарихты ақиқаттан алыстатып, жәдігердің құндылығын жоғалтып алуымыз ғажап емес. Бұл жерде аса ұқыптылық қажет. Өйткені біз оны нақты қалай пайдаланғанын білмейміз. Ол сол кісілердің өздеріне ғана аян. Ерлан Әбілұлының айтуынша, Алаш

қайраткерлері хатқа сенбеген. Сондықтан маңызды хабарларды қажет жерге адам жіберіп жеткізіп отырған. Өздері Германиядан Ғазымбек Бірімжанов алып келген арнайы шифр таңба да ұстапты. Мәселен, Мұстафа Шоқаймен осы шифр арқылы хат алысқан.

Қалай десек те, Торғайда тұрған құнды жәдігер жан-жақты зерттеуді қажет ететіні анық. Олай болмаған жағдайда, алаш жәдігерінің жұмбағы қиын-қыстау заманда ұлт азаттығы үшін күрескен қайраткер аталарымыздың өздерімен бірге кеткен көп құпияның бірі болып қала бермек.

Жанкелдин ауданы

ЖЫЛ ЖЕМИСТІ, ЕҢБЕК ЕСЕЛІ

Сералы МЫРЗАБАЙ

Қостанай қаласының әкімі жылды қорытындылап, қала активімен кездесу өткізді. Өткен жылғы жұмыстың қорытындысы шығарылып, алдағы жылғы дамудың басым бағыттары анықталды.

Шаһар басшысы өткен жылдың сынақтан басталғанын атап өтті. Көктемгі су тасқыны біраз жоспарды өзгертуге алып келгенін айтады.

«Тасқын су жағалаудағы қостанайлықтардың үйлеріне, саяжайларына, бизнес нысандарға зардабын тигізді. Сонымен қатар «Триатлон» саябағында сылынған инфрақұрылымға, «Шағала» жағалауындағы абаттандыру мен Теннис орталығына және өзге де нысандарға зиян келтірді. Бірақ қала тұрғындарының жанқиярлық жанашырлығы мен мекемелердің үйлесімді жұмысының арқасында сын-қатерлермен күресіп қана қоймай, ең бастысы, адам шығынын болдырмадық. Осы уақытқа дейін төтенше жағдай желісі бойынша қалыпқа келтіру жұмыстарын орындадық. «Колесные ряды» ауданындағы 112 апатты тұрғын үй сүрілді. Жағалаулар мен саябақтар қалыпқа келтірілді. Ал үйсіз қалған қостанайлықтар үшін 98 пәтер сатып алынды. «Қонай» шағын ауданында бір қабатты 14 үй салынды. Төтенше жағдай салдарын жою бойынша барлық жұмыстар толық аяқталды. 30 желтоқсаннан бастап 6 сәуірде жарияланған төтенше жағдай режимі ресми түрде күшін жойды», – деді Қостанай қаласының әкімі Марат Жүндібаев.

Облыс орталығындағы тұрғын үй салу мәселесіне тоқталсақ, соңғы 12 айда қала аумағында 333 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жоспар толық орындалып отыр.

«Былтыр бюджет қаражаты есебінен 14 үй пайдалануға берілді, оның ішінде 1 жалға берілетін және 13 кредиттік үй, сондай-ақ ТЖ шеңберінде 14 бір пәтерлі үй, тағы 6 кредиттік үй берілді. Жалпы алғанда, жыл соңына дейін бюджет қаражаты есебінен жалпы ауданы 83 мың м² (1 жалға алу және 19 кредиттік) 20 үй пайдалануға берілді. Естеріңізге сала кетейін, бұған

дейін 55 екі қабатты үйді «Градстройсервис» ЖШС салуы керек болатын. Бірақ көптеген келеңсіздікке байланысты шартты біржақты тәртіппен бұзуға мәжбүр болдық. Қазір жергілікті мердігер 69 бір қабатты үйді мерзімінен бұрын тұрғызып жатыр, бұл үйлерді бөлу биыл жер учаскелеріне кезекте тұрғандарға арналған өңірлік бағдарлама бекітілгеннен кейін басталады. Жалпы, осы жылы үйлерді, инженерлік коммуникацияларды салу, абаттандыру бойынша негізгі жұмыстар «Береке» (8 үй, 9 ИКИ жобасы және 14 абаттандыру жобасы) және «Қонай» (124 жеке тұрғын үй және 10 бес қабатты үй) шағын аудандарында жүргізілетінін атап өтемін», – деді қала әкімі.

Биыл бағдарлама бойынша жеке құрылыс салушылардан 210 пәтер сатып алу жоспарланып отыр. Ал көшелерді жарықтандыруға келсек, қалада 423 көше бар. Бүгінгі таңда темірбетон бағандарын, темірге ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ заманауи диммирленген шамдар орнатылуда. Қазір қала көшелерінің 90% көше жарығымен қамтылған.

«2025 жылы азаматтардың көптеген өтініштері бойынша көше жарығын жүргізу көзделіп отыр. Яғни, 724 тірек, 1300 шам және 260 биік тіреуге орнатылатын сыртқы шамдары қойылады. Осылайша, 2025 жылдың соңына қарай көшелердің 95% көше жарығымен қамтуды жоспарлап отырмыз», – деді Марат Жүндібаев.

Қалада оң жақ бетке жүре алатын айналым салу қолданысқа енгізілді. Бұған дейін Досжанов көшесінен Мәуленов көшесінің қиылысында оң жаққа бұрылыс салынған еді. Жүргізушілер үшін өте ыңғайлы болды. Яғни, бағдаршамның жасыл түсі жанғанын күтпей-ақ, бұрыла беруге болады. 2025 жылы жеті бірдей айналмадан шығар жолды және 10 қиылысты кеңейту жоспарланған.

«Қостанайдың орталығын Береке, Алтын арман, Солтүстік-батыс, Юбилейный шағын аудандарымен байланыстыратын Досжанов көшесінен Достық көшесіне дейінгі жол өткелін салуды жоспарлап отырмыз. Жоба бойынша жобалық-құндық құжаттамасын әзірлеуге 2025 жыл кірісеміз. Жобаны іске асыру бірнеше жылға созылады», – деді Марат Жүндібаев.

Қала әкімі қоғамдық көліктердің де мәселесіне ерекше тоқталды. Бүгінде тұрақты жүріп тұрған 28 маршрут бар.



Күн сайын жолға 193 автобус шығады. 2021 жылдың желтоқсанында 50 автобус (SAZ li 60), 2023 жылы 61 автобус (Yutong) сатып алынды. Осы 2023-ші жылы 50 автобус күрделі жөндеуден өткен.

«2024 жылы 4 автобус (2 жаңа Yutong автобусы – «Альтаир» ӨК (қолма-қол есеппен), 2 екі қабатты 2010 жылғы автобус – «Туристтранссервис» ЖШС (қолма-қол есеппен) сатып алынды. 2025 жылғы қаңтарда лизингке сатып алынған қосымша 25 автобус келеді (15 «Yutong» автобусы – Брунер ЖК, 6 «Yutong» автобусы – «Альтаир» ӨК, 4 «Yutong» автобусы – «Компания СТА» ЖШС). Жыл сайын субсидиялауды ұлғайтудың арқасында қала тасымалдаушылары автобус паркін кезең-кезеңімен жаңартып (жөндеп) отыратынын атап өтемін», – дейді шаһар басшысы.

Балабақша мәселесі де қалада өзекті болып тұр. Биыл Юбилейный шағын ауданында 280 орындық балабақшаның құрылысы аяқталды. Әуежай шағын ауданында 280 орындық тағы бір балабақша салынуда, оны пайдалануға беру 2025 жылдың екінші тоқсанында жоспарланып отыр.

«Алайда осы жұмыстарға қарамастан, мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығы мәселесі өзекті болып қала береді. «Индиго» жүйесінің мәліметтері бойынша кезекте 4123 бала тұр, оның 1657-і 2 жастан 6 жасқа дейін. Мәселе, әсіресе, жаңа шағын аудандарда өткір. Юбилейный шағын ауданында кезекте 400-ден астам баланы тұр, ал осы ауданнан 600-ге жуық бала қаланың басқа балабақшаларына барады. Осыған байланысты осы шағын аудандағы бос жер учаскесінде 320 орындық тағы бір балабақша салу көзделген. Сонымен қа-

тар «СарыарқаАвтоПром» компаниясы өз аумағында Промышленный көшесінде балабақша салуды жоспарлап отыр. Құрылысқа арналған жер аукционда сатып алынды, ал жобалау-сметалық құжаттама әзірлену сатысында. Тағы бір инвестор Береке шағын ауданында 350 орындық бассейні бар заманауи балабақша салуды жоспарлауда. Қаланың солтүстік-батыс бөлігіндегі жаңа шағын аудандар инвесторлар үшін танымал және тартымды бола бастады. Жеке балабақшалар салудан басқа, инвесторлар қонақ үй мен фитнес-клуб салуды жоспарлап отыр», – деді қала әкімі.

Марат Жүндібаев Қостанай қаласының 145 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтілгенін тілге тиек етті. Енді, алдағы Жеңістің 80 жылдығын да лайықты деңгейде атап өту керектігін айтты.

«Қостанайлықтар жаңа жылды, Наурызды, 9 мамырды, Қала күнін және басқа да мерекелерді асыға күтеді. Біз мерекенің қажетті атмосферасын құру үшін қоғамдық кеңістікті, қала нысандарын тиісті түрде безендіру қажет екенін түсінеміз. Мысалы, 2025 жылы біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Біз мерейтойлық іс-шараларды лайықты деңгейде өткізуіміз керек. Қай мереке болмасын, қала тұрғындары, бизнес өкілдері, ұйымдар мен кәсіпорын басшылары атсалысып келеді. Осы беттеріңізден таймай, қаланы одан әрі көркейтуге үлес қоса беріңіздер», – деді Марат Жүндібаев.

Жиын соңында қаланы жаңа жылға орай көркем безендірген ұйымдар мен бизнес өкілдері марапатталды.

**Суреттерді түсірген –
 Бағдат АХМЕТБЕКОВ**



Шаршы алаңның шеберлері

Бокстан Азия және Қазақстан чемпионаты жеңімпаздарына құрмет көрсетілді. Жыл бойы жақсы жетістіктерге жеткен 19 спортшы марапатталды.

«Бүгін біз үшін айтулы оқиға болып жатыр. Бапкерлердің тапсырмасын ойдағыдай орындап, жетістікке жеткен жасөспірімдердің қатары көбейді. Оны осы қорытынды жиын тағы бір мәрте көрсетіп берді. Қаңтар айынан бастап Қазақстан біріншілігі өтеді. Жоспарда республикалық, халықаралық турнирлер өте көп. Сол жарыстарда түлектеріміз биіктерден көрінеді деген сеніміміз мол», – дейді бұл туралы Қостанай бокс мектебінің директоры Берік Доданов.



Түрлі деңгейдегі додаларда ел атын шығарып жүрген спортшылардың артында қашан да жаттықтырушының тұратыны сөзсіз. Яғни, әр спортшының жетістігі – бапкер жұмысының жемісі. Нәтижелі жандардың бірі Арыстан Битекенов жастар арасындағы Бахрейнде өткен Гимназиадада 1-орынға ие болды.

«Арыстан гимназиадада үш кездесу өткізді. Бахрейн, Армения, Бразилия елінің өкілдерімен шеберлік байқасты. Финалда кездескен Бразилия өкілі Пан америка ойындарының чемпионы болған. Жеңіліп көрмеген сол былғары қолғап шеберін жеңіп, төбемізді көкке көтерді», – дейді бапкері Қыдырбек Олжабаев.

Ол екінші жекпе-жегің техникалық нокаутпен аяқтағанын айта кетейік. Арыстан Битекеновке осы жеңісі үшін 500 мың теңге ақшалай сертификат табыс етілді. Бапкері Қыдырбек Олжабаевқа 250 мың теңгелік сертификат берілді.

Ерлер арасында Қазақстан чемпионатында 3-орынға ие болған Михаил Коханчик 300 мың теңге, жаттықтырушысы Анатолий Ян 150 мың теңге ақшалай сертификат алды.

Әйелдер арасындағы Қазақстан



Республикасының Чемпионатында 1-орынға ие болған Надежда Рябецке 700 мың теңге, жаттықтырушысы Роман Миничкинге 350 мың теңге ақшалай сертификат ұсынылды.

Осы жарыста 2-орынға ие болған Анастасия Баязитова 500 мың теңге алды. Жаттықтырушысы Данияр Әйтеновке 250 мың теңге ақшалай сыйлық берілді.

Ал қола жүлдегер Анастасия Рылина 300 мың теңгеге ие болды. Жаттықтырушысы Қайрат Дәуренбековке 150 мың теңге берілді.

Осы қыздарымыздың ізін басып келе жатқан жеткіншектердің қатары да артуда.

С о л а р д ың бірі Айым Сүттібаева жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионатында 2-орынға ие болды.

«Азия жүлдегерімен финалда кездестім. Десем де Жетісу өкілімен



болған алғашқы жекпе-жегің қиынға соқты», – дейді Айым.

Айымға диплом, медаль және 200 мың теңге ақшалай сый, бапкері Жарбол Бибосыновқа 100 мың теңгенің сертификаты табысталды.

Осы жарыста 2-орынға ие болған



Рамина Махановаға 200 мың теңге, жаттықтырушысы Руслан Темурзиновке 150 мың теңгенің сертификаты ұсынылды.

3-орынға ие болған Дильназ Сабыр 150 мың теңге, жаттықтырушысы Қуаныш Құдабаев 75 мың теңгемен марапатталды.

Жастар арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионатында 1-орын иеленген Бексұлтан Қайратұлы 500 мың теңгемен, жаттықтырушысы Қайрат Сламжанов 250 мың теңгемен марапатталды. Бұл

жарыста 3-орынға ие болған Айдос Үсеновке 200 мың теңге, жаттықтырушысы Жанат Батырбекұлына 100 мың теңге берілді. 3-орын алған Арман Ахатовқа 150 мың теңге, жаттықтырушысы Айбек Буkenовке 75 мың табысталды.

Жасөспірімдер арасындағы

Қазақстан Республикасының чемпионатында 1-орынға ие болған Фариза Тәжібаева 300 мың теңге, жаттықтырушысы Нұрбол Бердімұратов 150 мың теңге ақшалай сыйақы алды. 3-орынға ие болған Юнус Рақымжан 150 мың теңге, жаттықтырушысы Марат Сейтмағанбет 75 мың теңге алды.

Жасөспірімдеріміз биыл Азияда да топ жарғанын айттық. Мәселен, Әсем Жалымбекова жасөспірімдер арасындағы Азия Чемпионатында 2-орынға ие болды. Әсемге 300 мың теңгелік сертификат табысталды. Осы жарысты тағы бір қостанайлық Мәдина Нұрманова 2-орын алды.

Оған да 300 мың теңге ақшалай сертификат берілді. Мәдина мен Әсемдей мықтыларды дайындаған жаттықтырушы Темірлан Темурзиевке 100 мың теңгенің ақшалай сертификаты табысталды.

Бұл тұста Қостанай облысының бокс саласына қомақты үлесін қосып келе жатқан ардагерлердің еңбектері де бағаланды.

«Қазақстан боксын дамытудағы еңбегі үшін» Қазақстан бокс федерациясының төсбелгісімен Өзбек Қазин мен Берікбай Жаманқұлов марапатталды.

Бокс саласын дамытқаны үшін және жоғарғы нәтиже көрсеткені үшін ақшалай сертификатпен Қостанай облысының бокс федерациясы қоғамдық бірлестігінің директоры Кенжеғали Садықов та марапатталды.

Қостанай облысының бокстан аға жаттықтырушысы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сапабек Мұқышевке 300 мың теңге ақшалай сертификат табысталды.

Суреттерді ұсынған – Қостанай бокс мектебі





ТӨРТ ЖОЛДАР

Поэзияның күрделі жанры – рубай араб тілінде төрт жол деген ұғымды білдіреді екен. Кіндік Азияда жақсы дамыған осы төрт жолдарды кезінде Омар Хаям, Рудаки, Науай секілді ақындар келістіріп жазса, кейін Расул Ғамзатов секілді жыр майталмандары өндіріп жазды. Біз де шама-шарқымызға қарай осы жанрда қалам тербеген едік. «Қостанай таңы» газетінің оқырмандарына әлі сиясы кеппеген, кейінгі жазған рубайларымды ұсынып отырмын.

* * *

Қар суы сай-саланы толтырғанда,
Қимылдап шөптің басы жел тұрғанда,
Өркімнің ізін аңдып, аузын бағып,
Кез келер сөйлейтұғын антұрғанға.

* * *

Досым ғой деп тек қана өз қамын жеп,
Бауырым деп артатын ауырын көп,
Жерлесім деп шаруасын күйттеген көп,
Содан менің жүр әлі жаным жүдеп.

* * *

Өлеңді кәсіп қылып тентіреген,
Алдында еріккеннің елпіндеген
Халықты алдамай-ақ арзан сөзбен,
Шындықты айта алар ма ел тілеген?

* * *

Қи сынды аршылмаған қорамыздан,
Жаман ой кетпей қойды санамыздан.
Сасық ми, салқын жүрек Ахаң айтқан
Әлі де арылмай жүр арамыздан.

* * *

Талай қылмыс болады қыдырыста,
Талай ажал құшады бұрылыста.
Шешіледі барлығы ақшаменен,
Ара түссе декейлер бұл қылмысқа.

* * *

Айқасқа түскен ылғи қара мен ақ,
Қараның қарауында тәж бенен тақ,
Келмеске өткен дәурен кеткенмен,
Көңілге қалған мұра салады дақ.

* * *

Өзгелер не дейді екен өзім жайлы,
Ұзаққа әңгімесі созылмайды.
Кейбірі көтергенде бас бармағын,
Көбісі таппай жүр ғой сөз ыңғайлы.

* * *

Қой өліп, маңыраған қозы қалған,
Қасқырды қасқыр қылған азу шығар.
Заманы түлкі болса тазы болған
Көп екен заман бұзған жазушылар.

* * *

Сараң десек, бар әлі Қарабайлар,
Жаман десек, бар әлі шалағайлар.
Адалдық көп құрса да сән-салтанат,
Таусылуы мүмкін бе арам ойлар?!

* * *

Жамандардың алсам деп көзін құртып,
Көрмеп едім айтатын сөзімді іркіп.
Сөздерім көп алайда қалғып кеткен,
Оятамын кей сөзді өзім түртіп.

* * *

Толысқанын ақылдың кім күтеді?
Есуастар естіні үркітеді.
Ақылы бар адамдар үндемесе,
Милары азға сол кезде тіл бітеді.

* * *

Бұл жалған құралғанда қайшылықтан,
Таршылық басталады баршылықтан.
Жүретін аузын ашпай жайшылықта
Осыны, айтшы, бірақ, қайсысы ұққан?!

* * *

Мақтауы майдай жаққан көтерме сөз
Алысқа атқан оқтай кетер ме бос?
Мақтауға масайраған толып жатыр,
Сондықтан көпшік қойып, көпірме, дос!

* * *

Жаратқан жетерліктей төзім берді,
Ес жиып, ой тоқтатар кезім келді.
Еркектер әйел болып, келіншектер
Еркекке айналғанын көзім көрді.

* * *

Тауқімәті тірліктің таусылмайды,
Қарды да Алла қоймайды әппақ қылып.
Ешқашан лас кірден аршылмайды
Батпақты қоймаса егер қатқақ қылып.

* * *

Абыржып жатқан жоқ қой бекер елім,
Аналар арқалайтын бөпелерін.
Бұл күні біздің кейбір шенеуніктер
Арқалап жүрген сынды көкелерін.

* * *

Көп кісі кеше бізге кеңес берген
Өздерін кем санамас Демосфеннен.
Алайда, айтқан сөзі жауыр болған,
Айтатын кеңесі де көп ескірген.

Қорғаудан туған елін таймас ұлан,
Жігіт қой дұшпанынан айла асырған.
Шағады танктерді жаңқадай қып
Дрондар – патрондар жауға атылған.

Өз елінде патшаға дұға тілеп,
Мешіттерде иіліп тұратын көп.
Халық қамын, алайда, ойламайды
Мәртебелі сол патша ұяты жоқ.

Жылқы көп осы күні тағасы жоқ,
Ақын көп жыры мықты, бағасы жоқ.
От тілді, орақ ауыз шешеннің де
Шындықты дәлелдейтін шамасы жоқ.

Құмға жазып есімін сүйгенінің,
Тасқа қашап жүретін өз есімін,
Қайталаумен өз атын сүрген өмір,
Кісілерге, білмеймін, төреші кім?

Адамдар көп нәрсені жоспарлайды,
Жоспарын бірге бол деп досқа арнайды.
Бірақ түрлі шаруалар киіп кетіп,
Ойыңа алған сапары басталмайды.

Біреудің өзі жақсы, көзі жаман,
Біреудің сөзі жақсы, өзі жаман.
Соларды күнде көріп жүйкем тозды,
Жаратқан, бере көрші төзім маған.

Белгілі жай баршаға кім үшін де,
Өшіреміз жарықты түн ішінде.
Қараңғыдан қорқады елдің бөрі,
Еш жарық болмайды ғой көр ішінде.

Жіберген кезім болды есемді көп,
Қалсам да кейбір шақта есеңгіреп,
Бокстағы шыңдалған жігіт-сынды
Бәрібір құламаймын десем керек.

Қоғамды қыламыз деп әділетті,
Басшысы еліміздің өмір етті.
Күтумен әділетті өмір өтті,
Бассыздық алды жайлап төңіректі.

Жемқорларды деп жүрміз ғой жегі құрт,
Несібе көп жатқан өлі желініп.
Шалқып-тасып Жалған сайран салып жүр,
Шындық жатыр топырақта көміліп.

Шайырлардың бізге жеткен жыры көп,
Жүрекжарды сөздерінің міні жоқ.
Осы күні маңызы жоқ, мәні жоқ
Сылдырлаған сөз көбейді құны жоқ

Тіршілікте жолға шықсаң қандай бір,
Жолығады бармақтай бақ, таудай мұң.
Күйзелсең де көтеріп жүр еңсеңді,
Мақсатыңа жетер жолды таңдай біл!

Төрт түлік мал тіпті азайып қалған ба?
Семіз шошқа көбейгенде бұл маңда,
Сүйек-саяқ кеміргенде ит біткен,
Аш қасқырлар ұлып жүр ғой орманда.

Ашылмап ем саған тіпті, дос, көптен,
Ештен жақсы күні бойы кеш күткен.
Ерінбеген есек жақсы мәстектен,
Өкінемін күндеріме босқа өткен.

Тым жұқарып бара жатыр күнтізбе,
Қилы-қилы туып тұр ғой күн бізге.
Бабамызбен мақтануды білгенмен,
Баламызды мақтай алмай жүрміз бе?!

(Жалғасы бар)



Ақылбек ШАХМЕТ

* * *

Төрт жолдар – тұлпардың төрт тұяғындай,
Маржан сөз табылар ма, сірә, мұндай?!
Шегелеп өз ойыңды жазған жақсы,
Қағаздың бетін текке сия қылмай.

* * *

Заман келді қасқырға қой бақтырған,
Төбеттерді аулаға байлап тұрған.
Көк жәшікке, алайда, қарап тұрсаң,
Қояндар бар қасқырға айбат қылған.

* * *

Тап келдік пе заманға қалған жүдеп,
Ар-ұяттан не қалды болған тірек?
«Алдама!» – деп үйреттік баламызды,
Оларға тек айтпаппыз «Алданба!» – деп.

* * *

Көзге атқан мерген дейді құралайды,
Маған оның қылығы ұнамайды.
Жаутаңдаған жас төлді атқан болса,
Мерген деуге бола ма бұл ағайды?

* * *

Жырын айтып көпшілік ортасында,
Мал табатын өнердің арқасында,
Шапан киген айтыскер мез болатын,
«Не бар екен, – дейді, – енді қалтасында...»

* * *

Басқалардың көргенде доп тепкенін,
Уақыттың білгенде босқа өткенін,
Аяқдопқа жұмсалған көп қаржының
Кеткендігін құрдымға сезбеп пе едің?

* * *

Туыстар бір біріне үйге кірмей,
Мейірім, қайырымды мүлде білмей,
Көбейтіп реніш пен өкпелерін,
Сиярдың бөлінді ғой бүйрегіндей.

* * *

Шашы бардың орнына тақырбас көп,
Ойлап едік енді көп отырмас деп.
Көсем орнын миы жоқ мешел басты,
Алтың бастың орнына бақыр бас көп.

* * *

Өмірде ащы да іштік, тұщы да іштік,
Еріксіз бөгелгенде күйіп-пістік.
Себебі, салдары бар барлығының,
Жүретін жандар болды еңбекті еш қып.

* * *

Әр дәуірдің болады өз дегені,
Қалалардың аттары өзгереді.
Сол аттарды өшіріп, әжелгі атын
Қайтаратын бәрібір кез келеді.

* * *

Қанша үміт күткенімен елеңдесіп,
Ашылмас көп кісіге емен есік.
Кей басшы көз бояумен айналысар,
Көшеде жүргендермен сәлемдесіп.

* * *

Ешқашан ат қоспаған аламанға,
Болады шыдамы жоқ адамдар да.
Ғұмыры арыз-мұңы таусылмайды,
Секілді сықырлаған жаман арба.

* * *

Еңбексіз жіп те инеге ілінбейді,
Маңызы көп нәрсенің білінбейді.
Ағашты ұстап тұрған тамырдың да
Келбеті сырт көздерге көрінбейді.

* * *

Тұрғындар қарсы алғанда таңды мына,
Шіркеудің таң қалады күмбезіне.
Ол, бірақ, ырза емес қой тағдырына,
Қақталып тұрған жоқ па күн көзіне?!

* * *

Жалған айтты деп біреу ренжіді,
Шындықты айтты деп біреу ренжіді.
Өтірік пен шындықтың, байқап тұрсаң,
Көрінеді екен ғой әрең жігі.



«Қостанай таңы» газеті ұйымдастырған «Би-ағаның биігі» республикалық байқауында «Үздік проза» аталымының жеңімпазы атанған шығарма

«КИНО» ТҰРҒЫНДАРЫ

балалар бірден өзгеріп, бір қалыпқа салғандай тәртіпті, елгезек боп шыға келетін. Ерік сабақтан қайтқандарға қарап тұрып, бала жүрегімен осы бір мектептің нендей құдіреті бар деп таң қалатын. Сосын ол мына бір көкшіл аспанның жарқыраған күннің ар жағында өзге бір әлем бар екеніне имандай сенетін.

– Оны қайдан шығардың, – деді бірде әкесі баласына ренжігендей, – бұныңды ешкім естімесін, сені жынды екен деп ойлап қалар.

«Ал мына біз тұратын үйлер, нысандар, тіпті анау тау да қораптан жасалған. Тұтынатын затымыз түгел қорап. Ал бұлардың шынайы нұсқасы жоқ па екен, бірдеңеге қарап шығарды емес пе. Анау ағаштар ше, оларға ілініп тұрған жемістер, онда еспегені, жіппен тігілгені, жердегі көкөністердің де жәй ғана бетіне қойылғаны, саңырауқұлақтардың орнатылғаны айдан анық көрініп тұр. Мұнда бір гөп бар», – деген ауыр ойлармен шамырқанады.

– Біздің бала тым арманшыл. Басына бір бөле тап болып жүрмесе өтті, – деді бірде әкесі түн баласы анасына сыбырлап отырып.

– Айттып жүргендері жәй ғана қиял екені онсызда түсінікті ғой, несіне қам жейсің! – деді анасы келіспей.

– Оған енді дауа бар ма, – деген әкесі тұнжырап қалды.

Ерік тым жұғарымпаз. Қала тұрғындарының бүгін атқарған ісін екінші күні дәл солай қайталайтынын жазбай таныды. Тіпті мына жолдың арғы бетіндегі наубайханашы Сәрсен де мұны көре салысымен:

– Біздің Ерік сабақтан ерте келіпті ғой, – дейтін сөзін күнде қайталайды. Ерте ештемесі жоқ, сабақ бітетін уақыты осы. Ал пошташы Ғалым болса, «Жаңа нөмірді есікке іліп кеттім» дейтін көшеден кімді көріп қалса да.

Іт серуендетіп жүретін көрші әйел де, күнде бір көшемен серуен құрады, ал ең қызығы итін «мысығым» деп еркелетеді. Осы итін асырағанына да сандық жылдар, бәлкім ғасырлар болған шығар деп топшылады Ерік бала қиялымен. Ал анау спортшы мырза болса күніге бір жолмен жүгіріп өтіп, бір жаттығуды бір қалыпта қайталаудан танбайды. Бұл көшемен қатынайтын қоғамдық кәсіпкері шопыр осы бағытта, бір уақытта өтіп жүргеніне қаншама жыл. Мына қала тұрғындарының барлығы әдетті ісін қайталаудан танған жоқ. Күнделікті жол қиылыстары мен басқан әрбір адымдары өзгеріссіз. Тіпті жымығандары мен болмашы әзіздері де кешегі күндегідей, осыдан бірнеше жыл бұрынғыдайдан дәл аумайды.

Ол бір-ақ нәрседен қорқатын – анау бір көшелерде, ғимарат подъездерінде, үй ішінде, қалашық бағаналарында ара ұясындай боп қаз-қатар тұрған кішігірім камералардан. Үш аяқты трипотқа асынған үлкен камералар болса алдына кездескен кісі қарасын жемтігін аңдыған мерген құсап әр адымын, қимыл-қарекетін қалт жібермей деп түсіретін. Алғашында, бала күнінде осы бір камералар қызық көрініп, алдында күліп-ойнап түрлі қылық көрсетуші еді. Енді, міне, құтыла алмайтындай күйге тап болғаны. Ал сол бір камераларды түсіріп жатқан патша-ағзам мен әкім-қаралар осы бір түсірілімнің режиссері екен. Олардың қасына бару тіпті мүмкін емес. Жақындап қалдың екен, қаруын асынған әскер алдыға жетіп келіп: «Түсірілім барысында камераға жақындауға болмайды», – деп дүрсе қоятын. Ал түсірілім тоқтап, үзіліс уақы-

ты деген мүлдем жоқ. Қашанда бұл қалашықтың әрбір әрекеті назардан тыс қалмай таспаға жазылып жата-тын.

Қайда да тентектік қылса болғаны тап келетін жалғыз сөз: «Болмайды, камера түсіріп жатыр!». Осы сөзді өмірінде сан мың мәрте ести берген соң да шығар, «камера» десе болғаны, қол-аяғы дірілдеп, тынысы тарылатын. Қалашықтың барлық тұрғындары содан да шығар – сызып берген сызықпен, өлшеп берген өлшеммен ғана жүретіні. Бір адым артық баспастан, шағым білдірместен өтіп жатқан өмірлеріне дән риза. Артық сұрақ қоймайды, рұқсат етілгенді ғана алып, оқуға болатын кітапты ғана оқып, көруге болатын киноны ғана көретін. Өйткені тәртіп пен заң: «камера түсіріп жатыр» деген салт сөздің ар жағына сіңіп кететін. Ал ар жағындағы сансыз сауалдарды көмекпейіңе көміп, қолмен тұншықтыруға тура келетін.

Ерік араға жылдар сап ер жетті. Ақылы толысып, бойы өсті, ал сұрағы жылдан-жылға артпаса, кеміген жоқ. Айтқанға оңай көне қоймайтын қырсық, ұстаздарымен қашанда тартысып, көз келген дүниеге күмәнмен қарайтын кіді. Оның бұндай мазасыздығын үйдегі ата-анасынан бастап, білім ошағындағы ұстаздарына шейін, «бізді камера түсіріп жатыр, тыныш» деп қана баса алатын.

Әлі күнге шейін ол қалашықтың қиылыстарында жолыққан адамдарға түрлі сұрақ қояудан жалыққан емес. Тіпті оның мұнысына шамданған полиция қызметкерлері: «Сіз біздің ауданның тәртібін бұзып жатырсыз», – деп айыппұл жазғаны да бар. Мұнысын әке-шешесіне айтқан кезде ол кісілер де мұрын астынан міңгірлеп:

– Балам-ау, енді өзіңнен де бар екен ғой, – деген болатын.

– Бұлай кете берсе темір тордың ар жағынан бір-ақ шығасың, – деді бірде әкесі шатынап.

Әкесі еңкіш тартып, жүзін әжім торлаған. Ал анасы кексе, етжеңді болғанымен, шашы ағарып, жүрісі бәсең тартқан. Отыздан асқанда дүние есігін ашқан мына баласы бүгінде ер жетіп, келін әкелетін жаста. Ал бұлардың да арман-тілегі сол: нөмере сүю. Ол күннің де ауылы алыста емес сияқты. Ерік бала күннен көзіне оттай басылып жүрген ару Аидаға ғашық. Сөз салып, сезімін білдіруге батылы енді жетсе керек. Бір күні үйіне қырдың жасанды гүлін теріп барды да, терезесінің алдына тұра қалып.

– Аида, саған шын гүлдер мен шынайы әлемді ұсына алмаймын! Десе де мына шынайы, жасандылықтан ада, мәңгілікке құштар, тентек жүрегімді ұсынбақпын! Қаласаң соңымнан ер, ізімді бас. Сені дүниенің кереметтеріне апарайын! – деген болатын.

– Маған шынайы гүлдер де, шынайы өмір де керек емес. Мен осы өміріме рзымын, қасымда өзің болсаң болғаны.

Араға ай салып, қалашықта кезекті бір той-томалақ аталып өтті. Жұрт сұлдерін сүйретіп Ерік пен Аиданың қуанышын бөлісуге жұмыстан соң бара жатқан беті. Бұл қалашықта күнде той, аста-төк дастархан, би мен ойын. Бұл да осы бір «Студияның» орнатқан заңы болса керек. Әкесі бұған: «Жастық шақта ойна да күл» деген болса, қаймананың аузынан түспейтін тағы бір мәтіл: «Өмір – қысқа, тойлап қалайық!». Міне, осы бір ұстанымды орындап келе жатқан жұрт уақыт өте келе тойдан да жа-

лықты. Ерік пен Аиданың қуанышына қуанбағаны емес, күнделікті болып жататын жиырма бес, отыз, қырық жас т.с.с. той-томалаққа бара беріп шаршағандарынан. Сәл жетістік болды ма, ол да – той. Сәтсіздіктің арты сәтті болсын дейді де, тағы да тойлайды. Ал оқуға, білім қууға, ғылым іздеуге келгенде қалашық халқы өнжар. Оған жағдайы да, құлқы да жоқ. Ал туғаннан талантты, білімді жастарды басып тастайтын «Студияның» жүйесі қатал. Елге пайдам тисін, көркейтейік, жаңа технология ойлап табайық дейтін жастарды дер кезінде сабасына түсіріп, «Сен кімсің өзі? Олай айтуға қалай дөтің барады. Әлде мына бізден асырып айта аламын дейсің бе» деп таптаурын ойлардың қоршауында қалады. Амалсыз беріледі. Сонсоң ескі сүрлеу, жатпанды жолмен жүретін қалашық халқы той тойлап, ән шырқап күн көше берді.

Ерік пен Аиданың тойына қаймана түгел жиналып, таң атқанша тілек үзілген жоқ. Атан түйе сойылып, қайта-қайта табақ тасылып, ауқаттар әкелінді. Ерік сондайда ойлайтын, «қала халқы осы тойда шашылмағанда қайда шашылмады дегені бекер емес-ау: халық түгел қарыз, тапқан-таянғаны тоймен рәсуа. Бастарын уайым торлап жұмысқа аттанады». Тапқан-таянғанын тойда шашу үшін, қызмет қылатын сияқты көрінді. Төрте, жоғарыда отырған ол азып-тозған, сонда да көңіл көтеріп қалғысы келетін елге қарап отырып жүрегі ауырды. Өтірік күліп, жасанды сөйлеп, бәсе мақтайтын дарақылықты бәрі біле тұра, тағы да құлақ түрді. Жұрт біріннің хәлін бірі біле тұра тойда жарысудан, мақтанып қалудан танған емес. Тағы да бір жасанды күн жасанды таудан рауандап атты. Жасанды сөздер мен жасанды ойлар да таң ата тыншыды. Қалашық сол күні түске дейін ұйықтады.

Бұл қалашықта ештеңе шынайы емес. Қорап үйлер мен картон ағаштар, қағаз жапырақтар мен мата жануарлар. Ұшып бара жатқан өне бір құстар да жәй ғана бір кескін. Ал анау бір ұшып бара жатқаны – қағаз ұшақ. Бұл қалашықта тіпті сезімдер де қораптан жасалған ба дерсің, шынайы емес. Қарсы алғанда өтірік мақтап, теріс айнала бере өсектеп жататын жер бетіндегі жалғыз қалашық осы шығар. Тіпті қызметкерлердің жұмыстары да шын деп айтуға дөтің шыдамас, өйткені бұл қалашықты ұстап тұрған тағы бір жүйе, ол – пара. Бұл қалада парасыз бір іс бітіре алмайсың. Ерік қаншама мәрте «парасыз адал ғұмыр кешем» деп камераның заңдылығынан аттап, өзінше амал өтіп көріп еді, онысынан түк шықпады. Не оқуын тәмамдай алмай, не жұмысқа кіре алмай, жасырын үстел астындағы сұғанақ қолдарға тап келеді. Амалсыз, өмір сүру үшін бе, көштен қалмау үшін бе – осы бір жүйенің құрбаны болды. Бұл қалашықта той көп болған соң да шығар, не көп – өртіс көп. Олардың киген киімі мен ішкен тамағы, жүріс-тұрысы түгел халық аузында. Әңгіме арқауы да сол, пәленше өртіс кеше мынанша кеше шөй ішіп, бірнеше тауық аяқтарын мүжігенмен басталып, қандай әйелмен көңіл жарастырып, кімнің көзіне шөп салғанымен аяқталады.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Алматы қаласы
(Жалғасы бар)



Зиярат үйі салынды

Бейімбет Майлин ауданының батыс жақ бетіндегі қырдан орын тепкен Жабағы батыр қорымы қалың жұртқа жақсы мәлім. Ол – еліміздің киелі орындар тізімен енген бірден бір қорым. Таяуда батыр баба басына тәжім етіп келушілерге арналып зиярат үйі салынды.

«Ертеректе осы маңда қазақ пен қалмақтың үлкен шайқасы болған екен. Сол жолғы соғыста қазақ қалмақты ойсырата жеңіпті. Соғыс барысында жараланған Жабағы Ипанұлы жаракатының жазылмасын сезіп, «Қырылған қалмақты анау төбеге көміп, соның үстіне мені жерлендер.

ген Өтеулин Жабағы батыр зиярат үйін салуды қолға алды. Құрылыс өткен жылдың шілде айында басталып, желтоқсан айының аяғында бітті. Таяуда аталмыш үйдің арнайы ашылу рәсімі болып, ас берілді, аруақтарға құран бағышталды.

Оған ақын, ғалым Ақылбек Шаяхметов, қоғам қайраткері Тоқтарбай Қадамбаев сынды зиялы қауым өкілдері, Торғайбай, Шакен, Ноян аталарымыз бастаған ауыл ақсақалдары, еңбек ардагері Амангелді Қалиев, Владимир Бушкин, Сағынтай Түгелбаев сияқты кәсіпкерлер, сондай-ақ бір топ ауыл азаматтары қатысты.

«Жалпы, жұмыс барасында болсын, арнайы сапарда

болсын, киелі орындарға, әулиелер қорымына жиі барып жүрмін. Сонда байқағаным, сол жерлерде зиярат ететін үйлер көп салынған. Жұырда Торғай мекеніндегі белгілі әулие, қожа кісінің басына бардық. Әлгі қорым ауылдан 40-50 шақырым жерде, яғни мидай далада жатыр. Сол қорымға келіп жүрген құрылысшы жігіттер келушілерге жайлы болсын деп жақсылап үй салып кетіпті. Жабағы батырдың қорымы ауыл іргесінде, «бізге неге осындай үй салмасқа?» деген ойға келіп, жазда құрылысты бастап кетіп едік. Міне, сол ой, мақсат бүгін орындалып отыр», – деді ас барысында Бақберген Қасымұлы.

«Қыран жемтігін шашып жейді, құзғын бауырына басып жейді» деген емес пе. Өз шаруасынан гөрі елдің шаруасына бейім, қайырымы мол атымтай азаматтың бұл игілікті ісіне жиналған көпшілік ризышылығын білдіріп, батасын берді, батыр баба ұрпақтары естелік сыйлықтар табыстады.

Жабағы батыр зиярат үйі қазіргі заманғы үлгіде салынған. Үйдің жалпы аумағы – 90 шаршы метр. Ішінде қонақ бөлмесі, асханасы, пеші бар. Зиярат үйінің ауласы қоршалған. Аулада ас дайындайтын орын да қарастырылған. Алдағы уақытта нысан маңына күн батереясы да қойылмақ, оның орны қазірден-ақ дайын. Жалпы айтқанда, зиярат етушілерге барлық жағдай жасалаған деуге болады.

Зиярат үйін аудандық мешіт қызметкерлері мен батыр баба ұрпақтары қарауына алды.

Жандос БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ
Б.Майлин ауданы



Еліне ес, дұшпанына сес болған Жабағы батырдың есімі мен ерлігі тарихтан белгілі. Аты аңызға айналған баһадүр XVIII ғасырда өмір сүрген. Ол туралы ел арасында бүгінге дейін жеткен әпсана көп. Халқын жаудан қорғаған бабамыз батыр ғана емес, аруақ қонып, нар шөккен қасиетті тұлға ретінде де әспеттеледі. Оның мәңгілікке дамыл тапқан зиратына байланысты әңгімелер де ел аузында жүр.

Атаңа нәлет қалмақ тұрып кетіп жүрер, үстінен басып жатайын» деп өсиет етіпті. Жабағы батыр қорымының тарихи әңгімесі осылай өрбіген», – дейді белгілі ақын, ғалым Ақылбек Шаяхметов.

Жабағы батыр қыраты жай қорым емес. Ол – киелі, аруақты жер. Дертіне шипа іздеген жандар сонау жылдардан бері сол қорымға қонып, зиярат етуді әдетке айналдырған. Осы жайтты ескерген белгілі кәсіпкер, ел азаматы Бақбер-



Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Осы орайда жұырда Рудный қалалық мәдениет және Тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Тілі бірдің – тілегі бір» тіл форумы осының бір дәлелі іспеттес. Тағылымы мол іс-шарада мен де «Ұлағатты ұстаз – тіл мерейі» атты марапатқа ие болып, тілге деген құр-

Тіл мәртебесі – ел мерейі

метім арта түсті. Мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, дәріптеу бағытындағы салтанатты іс-шара Әнұраннан бастау алды. Рудный қаласы әкімінің орынбасары Сәкен Қоқышев қаламызда тіл мәртебесін көтерудегі атқарылып жатқан ерен еңбекті тілге тиек етіп, мемлекеттік тілге жанашыр болу әркімнің парызы екенін атап өтті. Келесі кезекте «Рудный қаласында тіл саясатының іске асырылуы» тақырыбындағы бейнесюжетті тамашалап, тілдің аясының кеңейіп келе жатқанына куә болдық. Одан соң құттықтау сөз алған Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Мәлс Әбдірахмановтың Алғыс хаттарды табыстау рәсіміне ұласты. Ерекше атап өткім келгені салтанатты марапаттау рәсіміндегі марапатыма емес, мемлекеттік тілдің кеңеюіне тамшыдай болса да қосқан үлесіме қуандым десем артық айтқаным емес. Әрине, бұл біздің ұжымның жыл бойына ауызбіршілікпен атқарған тынымсыз еңбектерінің жемісі екені сөз-

сіз. Тарқатып айтсам, атына заты сай Міржақып мектебінің ұстаздары тілді дәріптеуде тек шәкірттерін ғана емес, «Әрбір отбасында, тілге деген жанашырлық болса, «Тамшыдан тама-тама дария болар» дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтеріледі» деген сөзді ұстанымдарына айналдырып алған. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осы орайда тәрбие ісінің меңгерушісі Нұрымжан Милақатовтың атқарып жатқан жұмысын ерекше атап өткім келеді. Білікті басшының Біртұтас тәрбие аясындағы әр ұйымдастырған шарасы тіл аясында өрбіп отырады. Мәселен, Міржақып Дулатұлының шығармашылығын насихаттау, сол арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, талантты және талапты шәкірттерді ынталандыруды мақсат етіп алған. Жұырда ұйымдастырылған «Міржақып мектебі – рухани өсудің ордасы» шеңберіндегі іс-шаралар сөйлеу мәдениетін, қазақ

тілінің шұрайлы мағыналы тіл екенін дәріптеуге арналды. Қала мектептерінің мұғалімдері Міржақып Дулатұлының қоғам қайраткері ретіндегі қызметін, көсемсөз шебері, ақын және Алаш ардақтысы ретіндегі рөлін таныстырып, әдеби шығармашылығын зерттеп, мектеп оқу бағдарламасында оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін бөлісті. «Тілін жоғалтқан халық ұлтын да жоғалтады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан даналық сөз ұстаздардың бағдаршамы іспеттес. Қандай ұлт болса да оның алғашқы және бірінші белгісі – тіл! Бұл ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін өмірлік қағида. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктеуде беруде еңбегімізді еселей берейік!

Абзал АФАТАЙ,
Міржақып Дулатұлы атындағы
жалпы білім беретін мектебінің
директоры
Рудный қаласы

Қыс қызығы – сырғанақ...



Қандай қызық мынау биік сырғанақ,
Осы ойынды көңіліміз тұр қалап!
Жүзімізді көрдіңіз бе нұрланған?
Кеш түскенше тарқамаймыз бұл маңнан!

Фотоэтюді түсірген – Б.АХМЕТБЕКОВ



“Қостанай таңы” газетіне
Kaspi.kz қосымшасы арқылы
жазылуға болады

Kaspi.kz қосымшасы арқылы жазылу үшін “Төлемдер” бөліміне кіріп, “Басқасы” тармағына өтіңіз. Әрі қарай “ҚР баспа басылымдары”, одан соң “Баспасөзге жазылуды” басып, баспа басылымдарынан “Қостанай таңы” газетін таңдаңыз.



Жазылу кезеңін, жеткізу мекенжайын толтырыңыз. Содан кейін төлейтін сома көрінеді. Тиісті қаражатыңызды төлеп, үйіңізден газетті күтетін боласыз.



Ескерте кетейік, “Қостанай таңына” облыс тұрғындары ғана жазыла алады.



Әжелер шашу шашты

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықтағы Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен қаладан жақында жайлы мектептің ашылуына байланысты мектеп ұстаздарымен, шәкірттерімен «Асыл әжелер – өмірдің ажары» атты тағылымды кездесу өтті.

Асыл әжелер мен аналар ұйымы жаңа жайлы мектептің ашылғанына өз қуаныштарын білдіріп, ұлттық салт-дәстүрімізге сай шашу шашты. Игі тілектерін білдіріп, жас ұрпаққа аналық мейірмен ақ батасын берді. Сонымен қатар, әжелер әуезді әндер айтып, өз өнерлерін де көрсете білді.

Ақ жаулықты аналардың игі бастамасын мектеп басшысы Ақтоты Жанаралқызы, ұстаздар және оқушылар қауымы үлкен ілтипатпен қарсы

алып, ризашылықтарын білдірді.

Кездесу барысында оқушылар да ән-жырын ұсынып, мектеп басшысы қонақтарға жайлы мектептің пәндік кабинеттері мен заманауи жабдықтарын көрсетіп, әжелерді зор қуанышқа бөледі.

«Бұл кездесуден әжелер алған әсерлерін сөзбен айтып жеткізер емес. Заманауи мектепті көріп, болашағымызды көріп келгендей қуанышты күй кешіп отырмыз. Осындай озық үлгідегі мектептердің қатары көбейіп, жастарымыздың алып жүрген ғылым-білімдері ұлттық құндылықтармен егіз болса, еліміздің болашағы да жарқын болары сөзсіз», – дейді қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Бақытжамал Қалтаева.

Еске сала кетсек, «Жайлы мектеп» Президент пәрменімен ұлттық жоба ая-

сында инновациялық жабдықтармен бірыңғай стандарт бойынша салынған білім ошағы. Екі қабатты білім ордасының бастауыш, орта және жоғары буынды оқытуға арналған блоктары бар. Кең спорт залы спорттық жабдықтармен толық қамтылған.

Жайлы мектеп 26 оқу кабинетінен тұрады. Оқу зертханаларымен физика, химия, биология кабинеттері, роботқұрастыру және компьютерлік сыныптар, STEM зертханалар заманауи жабдықталған. Оқушыларды жан-жақты дамытуға және педагогтердің белсенді жұмысына арналған акт залы, оқу залы бар кітапхана, ыңғайлы коворкинг аумақтары жұмыс істейді.

Арқалық қаласы

